

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін,
Бәрімізге мына жыл арайлы!

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағы да,
Қол соғып қарсы алайық.

Шақырайық ортаға,
Ертеңгілік басталсын

«Қарлығаш» тобында! (ортаға балалар шығады)

Құрметті балалар, ата-аналар, ұстаздар, қонақтар. Жаңа жыл мерекесіне
арналған ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Сол кезде сиқыршы кіріп келеді. (айналып)

Тәрбиеші: Сәлеметсіңбе. Балалар бұл кім екенін білесіңдерме? Бұл
сиқыршы, біздің шыршамыздың шамдарын жағуға, көмектесуге келіпті.

Сиқыршы: Жаңа жыл келді,

Азаймасын ән мен жыр

Ел көңілін көтерсін

Құтты болсын жаңа жыл! Бәрекелді, Сәлеметсіңдерме балалар. Қараңдаршы,
айнала неткен керемет, әсем мына шыршадағы ойыншықтардың алуан
түрлері бар екен. Бәрімізде әдемі болып жиналып қалыппыз. Бірақ
шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен, сендердің
әдемі сөздеріңмен шамын жағайық! (Барлығы)

Қуант бізді, таңырқат,

Шамдарыңды жарқырат! (3 рет)

Тәрбиеші: Міне керемет, енді балалар әнімізді шырқайық.

Ән «Шырша әні» (хор)

Тәрбиеші: Ендеше балалар шыршамызға тақпақтарымызды айтайық.

Нұрислам: Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Ж.Нұрислам: Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала.

Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға

Бексұлтан: Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.

Мирас: Әкелсін жыл ырыс-құт,
Әлемде болсын тыныштық.
Ән салайық жаңаша,
Жаңа жылым тамаша.

Ә. Нұрислам: Келді міне жаңа жыл,
Қарсы алайық бәріміз.
Күліп ойнап, би билеп,
Ән салайық бәріміз.

Асылхан: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағынған.
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, бүгін бізге тағы қонақ келіпті, кім екенін көргілерің келеме? (Аққала кіріп келеді)

Аққала Сәлеметсіңдерме балалар!

Тәрбиеші: Ал балалар кім екенін білесіңдерме? (балалар аққала- дейді)

Аққала Балалар, мен аққаламын, мені қардан жасайды. Менің орысша атымды білесіңдерме? (Снеговик)

Тәрбиеші: Аққала біздің балаларымыз өнерлі, олар орысша тақпақтарды да біледі. Тақпақтар

Нарұл: Раз, два, три, четыре, пять,
Будем все мы танцевать.
Ведь сегодня-Новый год,
Дедушка Мороз придет.

Абылай: Скоро, скоро Новый год!
В гости Дед мороз придет.
Детвора кричит «Ура»!
Елку наряжать пора!

Раяна: Скоро, скоро Новый год!
Скоро Дед мороз придет.

За плечами елочка,
Пушистые иголочки.

Айсәуле: Скоро, скоро к нам придеть
Долгожданный Новый год!
Пусть работа нелегка.
Слепим мы снеговика.

Аққала: Ой жарайсыңдар балалар.

Тәрбиеші: Аққала кел, жайғаса ғой, балалардың өнерін тамашала. Балалар,
біздің мерекелік кешімізге кім жетіспей тұр?

Балалар: Аяз ата, Ақшақар!

Қане, бәріміз дауыстап шақырайық.-Аяз ата,Ақшақар (3 рет)
Аяз атамен Ақшақар ішке кіреді.

Аяз ата: Құтты болсын, балалар,
Келген жаңа жылдарың.
Алаңдамай өсіңдер,
Еркелеп ұл, қыздарым.
Өткен жылы келіп ем,
Бәріңді де көріп ем.
Жыл өткізіп келем деп,
Уәде беріп кетіп ем.Сәлеметсіңдерме балалар,Жаңа жылдарың құтты
болсын!

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер, баршаңызда алыс жолдан келдіңіздер, әсем әні
де, биі де бар балалардың.Отырып демалыңыздар.Қыздарымыздың биін
тамашалаңыздар.

Қыздар биі: (Мэри кристмас)

Тәрбиеші: Жарайсыңдар қыздар,жайғаса қойыңдар.Ендеше Аяз атамызға
арналған тақпақтарымызды айтып берейік.Тақпақтар:

Амир: Жаңа жылмен,жаңа жылмен
Құттықтаймыз әрине.
Әкемізді, анамызды
Қонақтарды бәрінде!

Тұнжыр: Тауда туып, тауда өсіп
Шырша келді ортаға
Қандай жақсы шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.

Дария: Жаңа жылда балалар,

Тек қуаныш көріңдер,
Ауырмаңдар ешқашан,
Мықты борлып өсіңдер.

Толқынұлы Алихан: Оралдың өлкеме,
Жаңа жыл, армысың.

Оранды ақ көрпеге
Асқартау қарлы шың.

Айым: Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар. Бүгінгі кешіміздің қонақтарына арнап
ұлдарымызда билерін алып келген екен. Келесі кезекті биге береміз.

Ұлдар биі: «Кішкентай гномдар»

Тәрбиеші: Арамызда тағы тақпақ айтатын балалар бар екен, қане тыңдап
көрейік. Тақпақтар:

Абылай: Қараңдар мынау шыршаға,
Неткен әсем көрікті.
Жаңа жылдық думанға,
Аяз ата келіпті.

Алихан: Келіңдер, келіңдер,
Тақпақ айтып беріңдер.
Жомарт Аяз атадан,
Сыйлық алып көріңдер!

Санжар: Тамаша сый алып,
Келді Аяз атамыз
Шаттанып, қуанып
Шырқап ән айтамыз.

Қайрат: Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да,
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

Ақберді: Ал балалар билейік,
Ойнайық та, күлейік.
Аяз ата қуансын,
Тақпақ айтып берейік.

Жасұлан: Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып.

Аяз ата келіп тұр,

Ақ көрпеге оранып.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар.Қане балалар бүгінгі өнерлерің керемет екен.Ендігі кезекті биге берсек.

Би: Джингл белс (Ұлдар мен қыздар)

Аналармен ойын.»Кім жылдам»

Тәрбиеші: Рахмет аналар, ат салысып жатқандарыңызға!

Аяз ата,Ақша қар,Аққала,Сиқыршы және қонақтар біз бүгін балалармен бірге орманға саяхат жасап қайтайық.Алдарыңызда балапандарымыздың орындауында көрініс.

Көрініс: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Бұрынғы ерте заманда хайуанаттар жыл басына таласыпты.Ол жерде қоян,сиыр, жылқы, түйе, барыс, ұлу, жылан, маймыл, қой, тауық, ит, доңыз, тышқан болыпты.Әр хайуанат « жыл басы мен боламын»,- деп өздерінің адамға тигізетін пайдалары жайлы айтып, таласып, мақтана бастайды.Сол кезде адамға ешқандай пайдасы жоқ тышқан құлық ойлап, « хайуанаттарды, таң атқанда күнді алғаш кім көрсе, жыл басы сол болсын»,- деп көндіреді.Хайуанаттар барлығы келісіп күннің шыққанын күтеді.Тышқан айлсын асырып, түйенің үстіне шығып алады да, күнді бәрінен бірінші болып көреді.Ал түйе болса, бойына сеніп, күнді ең соңынан көріп, жыл санағынан құр қалыпты.Соңында хайуанаттар тышқанды мойындап, тышқан жыл басы болыпты.

Хайуанаттар биі: Флешмоб.

Тәрбиеші: Балалар биыл қандай жыл қазір?

-Ұлу жылы!

-Біз ескі жыл деп атаймыз я!Енді ескі жылмен қоштасып алайық.Ол үшін ұлуды ортамызға шақырып алайық.(ұлу шығады)

-Сәлеметсіңбе ұлу.Бір жыл бойы бізге қамқор болдың сенімен қоштасар сәтте келіп қалыпты.

Ұлу: Бір жыл бойы сендермен

Бірге жүрдім ойнадым

Енді міне балалар

Кезек келді қоштасар (Қош сау болыңдар)

Тәрбиеші: Енді біз жаңа жылды шақырайық. (барлығы шақырады)

-Жаңа жыл, жаңа жыл, жаңа жыл!(жылан кіріп келеді)

Жылан: Сәлеметсіңдерме,кім десеңдер мен жаңа жылмын, жыланмын.Мен

әкелген жаңа жыл сендерге табыс, денсаулық, молшылық ала келсін!

Мен жаңа жылмын

Мен жаңа нұрмын

Нұрымды да себейін

Жырымды да себейін.

Тәрбиеші: Сәлеметсіңбе жылан, қош келдің, бұл жылы сенімен бірге тек жақсылықтарға толы болады деген сенімдемін.

Бүгінгі бағдарламамыз осымен аяқталды. Жаңа жылда тек жақсылықтарға кұә болып, барлықтарыңыздың шаңырақтарыңызда тек қуаныш болсын. Жаңа жыл құтты болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ауызбіршілігіміз берік болып, жарқын болашаққа деген сенім нық болсын. Жаңа жыл- бірлік пен татулықтың жылы болсын! Әрбір отбасы үшін ырыс пен береке жылы болсын. Осы жердегі ат салысып жүрген әріптестеріме және ата аналарыма мың алғыс !



«Бану-Туркеш» бөбекжай балабақшасы
«Қош келдің жаңа жыл»

